

Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенцияны бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 23 қазан N 92-II

Орхуста (Дания) 1998 жылғы 25 маусымда жасалған Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенция бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

**Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы
КОНВЕНЦИЯ**

(2001 жылғы 11 қаңтарда күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)

Осы Конвенцияның Тараптары, адамды қоршаған орта проблемалары жөніндегі 1 Стокгольм декларациясының принципіне сүйене отырып, сондай-ақ қоршаған орта және даму жөніндегі 10 Рио-де-Женейро принципіне сүйене отырып,

одан әрі Бас Ассамблеяның Бүкілдүниежүзілік табиғат хартиясы туралы 1982 жылғы 28 қазандағы 37/7 және адамдардың әл-ауқатын арттыру мүдделерінде салауатты қоршаған ортаны қамтамасыз ету қажеттігі туралы 1990 жылғы 14 желтоқсандағы 45/94 қарарларына сүйене отырып,

1989 жылғы 8 желтоқсанда Германияның Майндағы Франкфуртында Бүкілдүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының "Қоршаған орта және денсаулық" бірінші Еуропа конференциясында қабылданған қоршаған орта және денсаулық жөніндегі Еуропа хартиясына сүйене отырып,

қоршаған ортаны қорғау және сақтау, оның жай-күйін жақсарту, тұрақты және экологиялық жағынан қауіпсіз дамуды қамтамасыз ету қажеттігін растай отырып,

адамның әл-ауқатын қамтамасыз ету және өмір сүруге құқықтың өзін қоса алғанда, адамның негізгі құқықтарын жүзеге асыру үшін қоршаған ортаны барабар қорғау қажеттігін м о й ы н д а й о т ы р ы п ,

сондай-ақ әрбір адамның өз денсаулығы мен әл-ауқаты үшін қолайлы қоршаған ортада өмір сүруге құқығы бар екенін, жеке-дара да, сол секілді басқалармен ынтымақтастықта да қазіргі және болашақ ұрпақтардың игілігіне қоршаған ортаны

қорғауға және жақсартуға міндетті екенін мойындай отырып,
осы құқықты қорғаудың және осы міндетті орындаудың мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында азаматтар экологиялық ақпаратқа қолы жетуге, шешімдер қабылдау процесіне қатысу құқығы болуға және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қолы жетуге тиіс деп есептей отырып және осыған байланысты азаматтарға өз құқықтарын жүзеге асыру үшін қажетті көмек көрсетілуі мүмкін екенін м о й ы н д а й о т ы р ы п ,

қоршаған ортаға қатысты мәселелерде ақпаратқа қол жеткізуді және шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуын жетілдіру қабылданатын шешімдердің және оларды жүзеге асыру процесінің сапасын арттыратынын, экологиялық проблемалар туралы хабардарлықты жақсартуға жәрдемдесетінін, жұртшылықтың өз алаңдаушылығын білдіруіне мүмкіндік жасайтынын, мемлекеттік органдарға мұндай мүдделердің лайықты есебін жүргізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін мойындай о т ы р ы п ,

сөйтіп, есеп жүргізуді және шешімдер қабылдау процесінің ашықтығын күшейтуге және қоршаған орта саласындағы шешімдерді жұртшылықтың қолдауын күшейтуге жәрдемдесуге ұ м т ы л а о т ы р ы п ,

мемлекеттік басқарудың барлық тармақтарында ашықтықтың қажеттігін мойындай отырып және өз жұмысында осы Конвенцияның принциптерін жүзеге асыруды заң о р г а н д а р ы н а ұ с ы н а о т ы р ы п ,

сондай-ақ жұртшылықтың қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысу рәсімдері туралы хабардар болуға, оларды еркін алуға және оларды қалай пайдалануды білуге тиіс екенін мойындай отырып,

қоршаған ортаны қорғауда жекелеген азаматтар, үкіметтік емес ұйымдар мен жеке сектор атқара алатын тиісті рольдердің маңызды мәнін одан әрі мойындай отырып,

қоршаған ортамен және тұрақты дамумен байланысты процестерді түсінуді тереңдету мақсатында экологиялық ағартуға жәрдемдесу, қоршаған ортаға және тұрақты дамуға ықпал жасайтын шешімдер туралы жұртшылықтың кеңінен хабардар болуын және оның мұндай шешімдер қабылдау процесіне қатысуын көтермелеп отыру қ а ж е т д е п е с е п т е й о т ы р ы п ,

осыған байланысты бұқаралық ақпарат құралдарын және электронды немесе болашақта пайда болатын басқа да байланыс құралдарын пайдаланудың маңызды ролін а т а п ө т е о т ы р ы п ,

үкіметтік деңгейде шешімдер қабылдау кезінде экологиялық пайымдардың толық есепке алынуының маңызды мәнін және осыдан туындайтын мемлекеттік органдарда дәл, жан-жақты және жаңа экологиялық ақпарат болу қажеттігін мойындай отырып,

мемлекеттік органдардың жұртшылықтың мүдделеріне сай экологиялық ақпаратқа и е б о л а т ы н ы н м о й ы н д а й о т ы р ы п ,
тиімді сот механизмдері заңды мүдделерін қорғауды және заңды қолдануды

қамтамасыз ету мақсатында ұйымды қоса алғанда, жұртшылық үшін алуға жеңіл болуға тиіс деп есептей отырып,

тұтынушыларға қоршаған ортаны қорғаудың мүдделерін ескере отырып негізі бар таңдау жасау мүмкіндігін беру үшін өнімдер туралы тиісті ақпарат берудің маңыздылығын атап өте отырып,

қоршаған ортаға генетикалық өзгеріске түскен организмдердің қасақана жіберілуіне байланысты жұртшылықтың алаңдауын, ашықтықты арттыру және бұл саладағы шешімдердің қабылдану процесіне жұртшылықтың көбірек қатысуы қажеттігін мойындай отырып,

осы Конвенцияны жүзеге асыру Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропа экономикалық комиссиясы (ЕЭК) аймағында демократияны нығайтуға жәрдемдесетін болатынына сенімді бола отырып,

ЕЭК осыған байланысты атқаратын рольді мойындай отырып және атап айтқанда, Болгарияда, Софияда 1995 жылғы 25 қазанда "Еуропа үшін қоршаған орта" үшінші Министрлер конференциясында қабылданған, Министрлер декларациясында мақұлданған экологиялық ақпаратқа қол жеткізуді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы шешімдерді қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуын қамтамасыз ету жөніндегі ЕЭК-ның Басшы принциптеріне сүйене отырып,

1991 жылғы 25 ақпанда Финляндияда, Эспода қабылданған Аралық шекара контексіндегі қоршаған ортаға ықпал етуді бағалау туралы конвенцияның, Өнеркәсіп аварияларының аралық шекара ықпалы туралы конвенцияның және 1992 жылғы 17 наурызда Хельсинкиде қабылданған аралық шекара су ағыстары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану жөніндегі конференцияның, сондай-ақ басқа да аймақтық конференциялардың тиісті ережелерін назарға ала отырып,

осы Конвенцияны қабылдау "Еуропа үшін қоршаған орта" процесін одан әрі нығайтуға және 1998 жылғы маусымда Данияда, Орхуста өткен төртінші Министрлер конференциясы қорытындыларын дамытуға жәрдемдесетінін түсіне отырып, мына төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап Мақсат

Қазіргі және болашақ ұрпақтардың әрбір адамының оның денсаулығы мен әл-ауқаты үшін қолайлы қоршаған ортада өмір сүру құқығын қорғауға жәрдемдесу үшін әрбір Тарап осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес экологиялық ақпаратқа қол жеткізу, жұртшылықтың шешімдер қабылдау процесіне қатысуы, қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу құқығына кепілдік береді.

2-бап Анықтамалар

Осы Конвенцияның мақсаттары үшін:

1. "Тарап", егер мәтінде өзгеше нұсқау болмаса, осы Конвенцияның Уағдаласушы
Т а р а б ы н б і л д і р е д і .

2. "Мемлекеттік орган":

а) ұлттық, аймақтық және басқа деңгейдегі әкімшілікті;
б) қоршаған ортаға қатысы бар нақты міндеттерді, қызметті немесе қызметтер көрсетуді қоса алғанда, ұлттық заңдарға сәйкес мемлекеттік әкімшілік функцияларды атқаратын жеке немесе заңды тұлғаларды;

с) мемлекеттік міндеттерді немесе функцияларды атқаратын немесе жоғарыда а) немесе б) тармақшаларында аталған органның немесе адамның бақылауымен қоршаған ортаға қатысы бар қызметтерді халыққа көрсететін кез келген басқа жеке немесе заңды тұлғаларды ;

д) осы Конвенцияның Тарабы болып табылатын, 17-бапта аталған экономикалық интеграцияның кез келген аймақтық ұйымының мекемесін білдіреді.

Бұл анықтама сот немесе заң шығарушы ретінде әрекет ететін органдарды немесе мекемелерді қамтымайды .

3. "Экологиялық ақпарат" жазбаша, аудиокөргі, электронды немесе кез келген өзге де материалдық нысанда мынау туралы жазылған кез келген ақпаратты білдіреді:

а) ауа және атмосфера, су, топырақ, жер, ландшафт және табиғи объектілер секілді қоршаған орта элементтерінің жай-күйі, генетикалық жағынан өзгертілген организмдерді қоса алғанда, биологиялық алуан түрлер мен оның компоненттері және осы элементтер арасындағы өзара әрекет;

б) заттар, энергия, шу және сәулелену секілді факторлар, сондай-ақ, әкімшілік шараларды қоса алғанда, қызмет немесе шаралар, қоршаған орта саласындағы келісімдер, саясат, заңдар, жоғарыда а) тармақшасында қамтылған қоршаған орта элементтеріне ықпал жасайтын немесе ықпал жасауға қабілетті жоспарлар мен бағдарламалар, шығындар мен нәтижелердің талдамасы және басқа да экономикалық талдау және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдаған кезде пайдаланылған жорамалдар ;

с) адамдардың денсаулығы мен қауіпсіздігінің жай-күйі, адамдар өмірінің жағдайлары, мәдениет объектілерінің және үйлер мен ғимараттардың жай-күйі, олардың әрқайсысына қоршаған орта элементтерінің жай-күйі ықпал ететіні немесе ықпал ете алатыны немесе осы элементтер арқылы жоғарыда б) тармақшасында айтылған факторлар, қызмет немесе шаралар.

4. "Жұртшылық" ұлттық заңдарға және олардың қауымдастығы, ұйымы немесе тобы практикасына сәйкес бір немесе біреуден көп жеке немесе заңды тұлғаны білдіреді .

5. "Мүдделі жұртшылық" қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесімен қозғалатын немесе қозғалуы мүмкін, немесе бұл процесте

мүдделілігі бар жұртшылықты білдіреді; осы анықтаманың мақсаттары үшін қоршаған ортаға жәрдемдесуші және ұлттық заңдармен қойылатын кез келген талаптарға сай келетін үкіметтік емес ұйымдар мүдделілігі бар ұйымдар деп есептеледі.

3-бап Жалпы ережелер

1. Әрбір Тарап осы Конвенцияның ақпаратқа, жұртшылықтың қатысуына және сот әділдігіне қол жеткізуге қатысты ережелерін жүзеге асыру тәртібін регламенттейтін ережелердің бірлесуіне жету жөніндегі шараларды қоса алғанда, қажетті заңдық, регламенттеуші және басқа шаралар, осы Конвенцияның ережелерін жүзеге асыру үшін айқын, ашық және келісілген құрылым құру және оны ұстау үшін олардың қолданылуын қамтамасыз ету жөнінде тиісті шаралар қолданады.

2. Әрбір Тарап лауазымды адамдар мен мемлекеттік органдардың жұртшылыққа көмек көрсетуін және ақпарат алуда, оның шешімдер қабылдау процесіне қатысуын жеңілдетуде және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізуде оған бағдар беруін қамтамасыз етуге ұмтылады.

3. Әрбір Тарап экологиялық ағартуға және қоршаған орта туралы, әсіресе ақпарат алуға, шешімдер қабылдау процесіне қатысуға және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізуге қатысты жұртшылықтың хабардарлық деңгейін арттыруға жәрдемдеседі.

4. Әрбір Тарап қоршаған ортаны қорғауға жәрдемдесуші бірлестіктердің, ұйымдардың немесе топтардың тиісінше танылуын қамтамасыз етеді және оларға тиісті қолдау көрсетеді және өзінің ұлттық құқықтық жүйесінің осы міндеттемеге сәйкес келуі қамтамасыз етеді.

5. Осы Конвенцияның ережелері қайсы бір Тараптың ақпаратқа неғұрлым кеңірек қол жеткізілуін, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың неғұрлым белсенді қатысуын және осы Конвенцияда көзделгендей қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне неғұрлым кеңірек қол жеткізілуін көздейтін шараларды жүзеге асыруды жалғастыру немесе енгізу құқығын қозғамайды.

6. Осы Конвенция экологиялық ақпаратқа еруге, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуына және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша қол жеткізуге қолданылып жүрген құқықтарды қандай да бір әлсіретуді қажет етпейді.

7. Әрбір тарап қоршаған ортаға қатысты шешімдер қабылдаудың халықаралық принциптеріне және қоршаған ортаға қатысты мәселелерде халықаралық ұйымдар шеңберінде осы Конвенцияның принциптері қолданылуына жәрдемдеседі.

8. Әрбір Тарап осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес өз құқықтарын жүзеге асыратын адамдар өз қызметі үшін жазаға, қуғындауға және кез келген нысанда қысымға ұшырамауын қамтамасыз етеді. Осы ереже ұлттық соттардың сот шығындарына байланысты ақылға сыйымды шығыстарды жабу туралы қаулы шығару

9. Осы Конвенцияның тиісті ережелері шеңберінде азаматтық, қай ұлтқа жататындығы немесе тұрғылықты жері белгілері бойынша кемсітусіз және заңды тұлға жағдайында, оның тіркелген жері немесе іс жүзіндегі қызмет орталығы белгілері бойынша кемсітусіз, жұртшылық ақпаратқа қол жеткізеді, шешімдер қабылдау процесіне қатысу мүмкіндігіне ие болады және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізеді.

4-бап Экологиялық ақпаратқа қол жеткізу

1. Әрбір Тарап осы баптың келесі тармақтарын сақтау жағдайында мемлекеттік органдар экологиялық ақпарат беру туралы өтінішке жауап ретінде, ұлттық заңдар нормаларын ескере отырып, сауал болған кезде және төмендегі b) тармағына сәйкес, мұндай ақпараттан тұратын немесе оны қамтитын іс жүзіндегі құжаттаманың көшірмесін қоса алғанда, жұртшылыққа мұндай ақпарат беруін қамтамасыз етеді:

a) өз мүдделілігін тұжырымдаудың қажеттілігінсіз;

b) сұрау салынған нысанда, егер тек:

i) мемлекеттік органда оны басқа нысанда беруге негіздер болмаса, мұндай жағдайда ол осындай нысанда ақпарат берілуін ақтайтын себептерді көрсетуге тиіс;
н е м е с е

ii) ақпарат жұртшылыққа басқа нысанда берілмеген болса.

2. Жоғарыда 1-тармақта айтылған экологиялық ақпарат, егер тиісті ақпараттың тек көлемі мен күрделілігі бұл кезеңді өтініш берілгеннен кейін екі айға дейін ұзартуды ақтамайтын болса, барынша қысқа мерзімде, бірақ өтініш берілгеннен кейін бір айдан кешіктірмей беріледі. Бұл кезеңнің кез келген ұзартылуы туралы және мұндай шешім қабылдануын ақтайтын себептер туралы өтініш беруші хабардар етіледі.

3 . Е г е р :

a) өтініш жіберілген мемлекеттік органда сұрау салынған экологиялық ақпарат
б о л м а с а ;

b) өтініш анық негізсіз болып табылса немесе тым жалпылама түрде тұжырымдалса ;
н е м е с е

c) өтініш әзірлеудің ақырғы кезеңінде, немесе мемлекеттік органдардың ішкі хат жазысуларында және олардың арасында тұрған, ұлттық заңдарда немесе қалыптасқан практикада мұндай жағдай көзделген материалдарға қатысты болса, экологиялық ақпарат беру туралы өтініштен бас тартылуы мүмкін, бұл орайда жұртшылықтың мұндай ақпарат алуға мүдделілігі ескеріледі.

4. Егер мұндай ақпаратты жария ету мыналарға теріс ықпал ететін болса, экономикалық ақпарат беру туралы өтініштен бас тартылуы мүмкін:

a) мұндай құпиялық ұлттық заңдарда көзделген жағдайларда мемлекеттік органдар

ж ұ м ы с ы н ы ң

қ ұ п и я л ы л ы ғ ы н а ;

b) халықаралық қатынастарға, ұлттық қорғанысқа немесе мемлекет қауіпсіздігіне;

c) сот әділдігін жасауға, адамдардың әділетті сот тергеуіне ұшырау мүмкіндігіне немесе мемлекеттік органдардың қылмыстық немесе тәртіптік сипаттағы тергеу жүргізу қ а б і л е т і н е ;

d) заңды экономикалық мүдделерді қорғау мақсатында мұндай құпиялылық заңмен қорғалатын жағдайларда коммерциялық және өнеркәсіптік ақпараттың құпиялылығына . Бұл шеңберде қоршаған ортаны қорғауға қатысты шығарылып тасталған қалдықтар туралы ақпарат ашып көрсетілуге тиіс;

e) интеллектілік меншік құқықтарына;

f) ұлттық заңдардың ережелеріне сәйкес жұртшылыққа мұндай ақпарат беруге тиісті адам келісім бермеген кезде жеке адамға қатысты жеке деректердің және/немесе мұрағаттардың қ ұ п и я л ы л ы ғ ы н а ;

g) егер бұл тарап бұлайша әрекет жасауға құқықтық міндеттемемен байланысты болмаса, немесе егер бұл тарапқа мұндай міндеттеме жүктелуі мүмкін болмаса және бұл тарап материалды жария етуге келісім бермесе, сұрау салынған ақпаратты берген үшінші тараптың мүдделеріне; немесе

h) осы ақпарат қатысты қоршаған ортаға, мысалы, сирек кездесетін түрлердің өсіп-өнетін о р ы н д а р ы н а .

Бас тарту үшін жоғарыда аталған негіздемелер осы ақпараттың ашылуына жұртшылықтың мүдделілігі ескеріле отырып және сұрау салынған ақпараттың қоршаған ортаға қалдықтар шығарып тастауға қатысы бар-жоғы ескеріле отырып ш е к т е у л і т ү с і н д і р і л е д і .

5. Мемлекеттік органда сұрау салынған экологиялық ақпарат болмаған жағдайларда , бұл мемлекеттік орган барынша қысқа мерзімде ақпарат беру туралы өтініш жасауға болады деп есептеген мемлекеттік орган туралы өтініш берушіні хабардар етеді немесе бұл өтінішті сондай органға береді және тиісті түрде бұл туралы өтініш берушіге х а б а р л а й д ы .

6. Жоғарыдағы 3 с) және 4-тармақтарға сәйкес ашып көрсетілуге жатпайтын ақпарат ақпараттың құпиялылығы үшін нұқсан келтірмей басқа ақпараттан бөліп алынуы мүмкін болған жағдайларда, мемлекеттік органдар сұрау салынған экологиялық ақпараттың қалған бөлігін беруін әрбір Тарап қамтамасыз етеді.

7. Егер ақпарат беру туралы өтініш жазбаша түрде жіберілсе немесе егер өтініш беруші бұл туралы өтінсе, онда бас тарту да жазбаша түрде беріледі. Бас тартуда оның себептері көрсетіледі және 9-бапқа сәйкес қабылданған шешімді қарау рәсіміне қол жеткізу туралы тиісті ақпарат келтіріледі. Егер ақпараттың күрделілігі ғана өтініш берілген кезден бастап екі айға дейін бұл мерзімді ұзартуды ақтамайтын болса, ақпарат беру туралы өтініштен бас тарту барынша қысқа мерзімде, бірақ бір айдан кешіктірмей беріледі. Өтініш беруші бұл мерзімнің кез келген ұзартылуы және оның себептері

т у р а л ы

х а б а р д а р

е т і л е д і .

8. Әрбір Тарап бұл төлем ақылға сыйымды деңгейден аспайтын жағдайда ақпарат бергені үшін төлемақы өндіріп алуға өз мемлекеттік органдарына рұқсат етуі мүмкін. Берілген ақпарат үшін төлемақы өндіріп алғысы келетін мемлекеттік органдар алым өндіріп алуды көздейтін немесе оларды төлеуден босататын мән-жайларды және мұндай алымды алдын ала төлеу жағдайында ақпарат берілетін жағдайларды көрсете отырып, алымдар өндіріп алынуы мүмкін ставкалардың тарифтерін өтініштер берушілерге хабарлайды.

5-бап Экологиялық ақпарат жинау және тарату

1 . Ә р б і р Т а р а п :

а) мемлекеттік органдардың өздерінің функцияларына қатысы бар экологиялық ақпаратқа ие болуын және оны жаңғыртып отыруын;

б) жоспарланған және жүзеге асырылатын, қоршаған ортаға едәуір ықпал ете алатын қызмет туралы ақпараттың мемлекеттік органдарға тиісті дәрежеде түсуін қамтамасыз ету үшін міндетті жүйелер құрылуын;

с) адам қызметінің нәтижесінде және табиғи сипаттағы себептер бойынша адамның денсаулығына немесе қоршаған ортаға кез келген қатер төнген жағдайда осындай қатерге байланысты туындайтын залалдың зардаптарын болдырмау немесе жеңілдету үшін жұртшылықтың шаралар қолдануына мүмкіндік беретін, мемлекеттік органның қолында бар барлық ақпарат әлеуетті қатер төнген қоғам мүшелерінің арасында дереу және кідіріссіз таралуын қамтамасыз етеді.

2. Әрбір Тарап ұлттық заңдар шеңберінде мемлекеттік органдардың жұртшылыққа ақпарат беру рәсімдері түсінікті болуын және экологиялық ақпарат оңай жолмен а л ы н у ы н , о н ы ң і ш і н д е :

а) тиісті мемлекеттік органдардың иелігіндегі экологиялық ақпараттың түрі және қамтылуы туралы және мұндай ақпарат берудің мүмкіндігін айқындайтын негізгі шарттар және оған қол жеткізу туралы, оны алудың процесі туралы жұртшылыққа жеткілікті а қ п а р а т б е р і л у і н ;

б) мұндай практикалық шаралардың ұйымдастырылуы мен жүзеге асырылуын;

і) тізімдерді, тізілімдерді немесе мұрағаттарды жұртшылықтың алуын қамтамасыз е т у д і ;

ii) осы Конвенцияға сәйкес ақпарат алуда жұртшылыққа қолдау жасаудағы лауазымды адамдардың міндеттерін белгілеуді; және

с) жоғарыдағы б) і) тармақшасына сәйкес тізімдердегі, тізілімдердегі немесе мұрағаттардағы бар экологиялық ақпаратты тегін беруді қамтамасыз етеді.

3. Әрбір Тарап байланыстың көпшілікке арналған тораптары арқылы жұртшылықтың алуына жеңіл электронды деректер базаларындағы экологиялық

ақпарат көлемінің біртіндеп ұлғайтылуын қамтамасыз етеді. Мұндай нысанда алынатын ақпарат мыналарды қамтуға тиіс:

а) төменде 4-тармақта аталған қоршаған ортаның жай-күйі туралы баяндамалар;
б) қоршаған орта немесе бұған қатысы бар мәселелер жөніндегі заң актілерінің м ә т і н д е р і ;

с) тиісті жағдайларда, саясат мәселелері жөніндегі құжаттар, қоршаған ортаны қорғау саласындағы немесе оған қатысты жоспарлар мен бағдарламалар, сондай-ақ табиғат қорғау келісімдері; және

д) мұндай ақпарат электронды нысанда болған жағдайда, мұндай нысандағы аталған ақпараттың болуы осы Конвенцияны жүзеге асыру жөнінде ұлттық заңдардың қолданылуын жеңілдететін басқа ақпарат.

4. Әрбір Тарап үш немесе төрт жылдан аспайтын жүйелі аралықтарда, қоршаған ортаның сапасы туралы ақпаратты және қоршаған ортаға жүктеме туралы ақпаратты қоса алғанда, қоршаған ортаның жай-күйі туралы ұлттық баяндаманы жариялап, т а р а т а д ы .

5. Әрбір Тарап өз заңдары шегінде тарату мақсаттарында мынадай шаралар қолданады, а т а п а й т қ а н д а :

а) заң актілері мен стратегия ретіндегі директивалық құжаттар, саясат мәселелері жөніндегі құжаттар, қоршаған орта саласындағы іс-әрекеттердің бағдарламалары мен жоспарлары және мемлекеттік басқарудың түрлі деңгейлерінде әзірленген оларды жүзеге асырудың барысы туралы баяндамалар;

б) қоршаған ортаға қатысты мәселелер жөніндегі халықаралық шарттар, конвенциялар мен келісімдер; және

с) тиісті жағдайларда қоршаған ортаға қатысты мәселелер жөніндегі басқа маңызды қ ұ ж а т т а р .

6. Әрбір Тарап қызметі қоршаған ортаға елеулі ықпал жасайтын операторларды көтермелеп отырады, олардың қызметі мен өнімдерінің қоршаған ортаға әсері туралы жұртшылыққа үнемі хабарлайды, мұны, тиісті жағдайларда ерікті түрде экотаңбалау жүйелерін және экологиялық сараптаманы пайдалану шеңберінде немесе басқа құралдардың көмегімен ж а с а й д ы .

7 . Ә р б і р Т а р а п :

а) экологиялық саясат мәселелері бойынша мейлінше елеулі ұсыныстар әзірлеу үшін өзі орынды және маңызды деп есептейтін іс жүзіндегі ақпаратты және оған жасалған талдауды жариялайды;

б) осы Конвенцияның қолданылу аясына кіретін мәселелер бойынша жұртшылықпен өз байланыстары туралы қолдағы түсіндірме материалды жариялайды немесе оны басқаша түрде алуды қамтамасыз етеді; және

с) мемлекеттік органдардың барлық деңгейлерде мемлекеттік функцияларды орындауы туралы немесе қоршаған ортаға қатысы бар халыққа қызметтер көрсету

туралы ақпаратты тиісті нысанда береді.

8. Әрбір Тарап қоршаған ортаны қорғаудың мүдделерін ескере отырып, тұтынушыларға негізді талдау жасауға мүмкіндік беру үшін өнімдер туралы жеткілікті ақпараттың жұртшылыққа берілуін қамтамасыз ету мақсатында тетіктер әзірлейді.

9. Әрбір Тарап есеп берудің стандартталған жүйесін пайдалану арқылы жасалған, құрылымға келтірілген, компьютерлендірілген және жұртшылық үшін алуға жеңіл деректер базасын пайдалана отырып кадастрлардың немесе ластану регистрлерінің келісілген жалпыұлттық жүйесін, халықаралық деңгейде жүзеге асырылатын процестерді тиісті дәрежеде ескере отырып, біртіндеп қанат жаю жөнінде шаралар қолданады. Мұндай жүйе қызмет түрлерінің нақты шеңберін, заттар мен өнімдердің белгілі бір қатарын жүзеге асыру кезінде, оның ішінде қоршаған ортаның түрлі салаларындағы, сондай-ақ өнеркәсіп объектілері шеңберінде немесе олардан тысқары өңдеу мен қалдық тастау учаскелеріндегі суды, энергия мен ресурстарды пайдалану кезіндегі түсулер, бөлу және ауыстыру туралы деректерді қамтуы мүмкін.

10. Осы бапта ештеңе де 4-баптың 3 және 4-тармақтарының ережелеріне сәйкес белгілі бір экологиялық ақпаратты ашудан бас тарту Тараптардың құқығына нұқсан келтіре алмайды.

6-бап Қызметтің нақты түрлері бойынша шешімдер қабылдауға жұртшылықтың қатысуы

1 . Ә р б і р Т а р а п :

a) I Қосымшада аталған қызметтің жоспарланған түрлерін шешудің орындылығы туралы мәселе бойынша шешімдерге қатысты осы баптың ережелерін қолданады;

b) өзінің ұлттық заңдарына сәйкес, сондай-ақ I қосымшада аталмаған, қоршаған ортаға едәуір ықпал жасай алатын қызметтің ұсынылған түрлері бойынша шешімдерге осы баптың ережелерін қолданады. Осы мақсатта Тараптар қызметтің мұндай түрі осы ережелермен қамтылатынын айқындайды; және

c) егер бұл ұлттық заңдарда көзделетін болса, егер бұл Тарап мұндай қолдану бұл мақсаттарға теріс әсер етеді деп есептесе, ұлттық қорғаныс мақсаттарына қызмет ететін жоспарланған қызметке осы баптың ережесін қолданбауға әрбір нақты жағдайда шешім қ а б ы л д а й а л а д ы .

2. Мүдделі жұртшылық мән-жайларға байланысты не көпшілікке хабарлау арқылы, не қоршаған ортаға қатысты мәселелерді қабылдау рәсімінің ең бастапқы кезеңінде, оның ішінде мынау туралы барабар, уақытылы және тиімді түрде хабардар етіледі:

a) қызметтің жоспарланған түрі және шешім қабылданатын мәселе бойынша өтінім;

b) ықтимал шешімдердің сипаты немесе шешімнің жобасы;

- с) шешім қабылдауға жауапты мемлекеттік орган;
- д) мұндай ақпарат қалайша және қашан берілуі мүмкін екенін қоса алғанда, қ а р а л а т ы н р ә с і м ;
 - i) рәсімді жүзеге асырудың басталуы туралы;
 - ii) жұртшылықтың қатысуы үшін жасалатын мүмкіндіктер туралы;
 - iii) кез келген жоспарланған көпшілік тыңдаудың уақыты мен орыны туралы;
 - iv) тиісті ақпарат алуға болатын мемлекеттік органның бар екені туралы және жұртшылықтың қарауы үшін тиісті ақпарат қайда берілгені туралы;
 - v) тиісті мемлекеттік органның немесе ескертпелер немесе мәселелер берілуі мүмкін кез келген басқа ресми органның бар екені туралы және ескертпелерді немесе мәселелерді беру мерзімдері туралы; және
 - vi) қызметтің жоспарланған түріне қатысты қандай экологиялық ақпарат қолда бар е к е н і т у р а л ы ; ж ә н е
- е) қоршаған ортаға ықпал етуді бағалаудың ұлттық және аралық шекаралық рәсімімен қызметтің осы түрін қамту.

3. Жұртшылықтың қатысу рәсімдері түрлі кезеңдерді жүзеге асырудың ақылға сыйымды мерзімін қамтиды, олар жоғарыдағы 2-тармаққа сәйкес және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуын әзірлеу мен оның тиімді қатысуы үшін жеткілікті уақытты қамтамасыз етеді.

4. Әрбір Тарап түрлі нұсқаларды қарау үшін барлық мүмкіндіктер ашық болатын және жұртшылықтың тиімді қатысуын қамтамасыз ету мүмкін болатын ең бастапқы кезеңде жұртшылықтың қатысуын қамтамасыз етеді.

5. Әрбір Тарап, қажетті жағдайларда, жұртшылықтың мүдделі топтарын анықтауға рұқсат алу нысанына өтінім берер алдында әлеуетті өтініш берушілерді көтермелеп отырғаны, талқылау өткізгені және өздерінің өтінімдерінің мақсаттарына қатысты а қ п а р а т б е р г е н і ж ө н .

6. Әрбір Тарап құзыретті мемлекеттік органдардан жұртшылықтың мүдделі топтарына олардан сұрау алынуы бойынша ұлттық заңдарға сәйкес бұл талап етілетін жерде осы бапта аталған шешімдерді қабылдау процесіне қатысты және жұртшылықтың қатысу рәсімін жүзеге асыру кезінде иелігінде болған барлық ақпаратты тегін алуды, Тараптардың құқықтарына залал келтірмей оны түсу бойынша зерделеу мақсатында 4-баптың 3 және 4-тармақтарына сәйкес белгілі бір ақпаратты ашудан бас тартуды талап етеді. Тиісті ақпарат ең болмағанда 4-баптың ережелеріне з а л а л к е л т і р м е й м ы н а л а р д ы :

- а) өнеркәсіп объектісінің сипатын, болжанған қалдықтар мен тастандыларды бағалауды қоса алғанда, ұсынылған қызметтің физикалық және техникалық с и п а т т а м а л а р ы н ;
- б) қоршаған ортаға жоспарланған қызметтің едәуір ықпалының сипаттамасын;
- с) шығарып тасталған қалдықтарды қоса алғанда, ықпал етуді болдырмау және/

немесе азайту үшін көзделген шаралардың сипаттамасын;
d) жоғарыда аталғанның техникалық емес қорытындысы;
e) өтінім беруші қарастырған негізгі альтернативтердің жоспары; және
f) мүдделі жұртшылыққа жоғарыдағы 2-тармаққа сәйкес ақпарат берілетін кезде ұлттық заңдарға сәйкес мемлекеттік органға жіберілген негізгі баяндамалар мен ұсыныстарды қамтуға тиіс.

7. Жұртшылықтың қатысу рәсімдері жазбаша түрде немесе, қажетті жағдайларда, мәселені көпшілік алдында тыңдау немесе қарау барысында өтінім берушінің қатысуымен кез келген ескертпелерді, ақпаратты, талдауды немесе өзі жоспарланған қызметке қатысуы бар деп есептейтін пікірлерді беруге мүмкіндік береді.

8. Әрбір Тарап қабылданған шешімде жұртшылықтың қатысу нәтижелері тиісті дәрежеде көрсетілуін қамтамасыз етеді.

9. Әрбір Тарап мемлекеттік орган шешім қабылдағаннан кейін жұртшылық тиісті рәсімдерге сәйкес бұл шешім туралы дереу хабардар етілуін қамтамасыз етеді.

10. Әрбір Тарап, сондай-ақ бұл орынды болған жағдайларда осы баптың 2-9-баптарының ережелері *ut mutatis mutandis* қолданылуын қамтамасыз етеді.

11. Әрбір Тарап өз ұлттық заңдары шеңберінде қоршаған ортаға генетикалық өзгерген организмдерді әдейі босатуға шешімдер беруге қатысты шешімдерге осы баптың ережелерін мүмкін болған дәрежеде және тиісінше қолданады.

7-бап Жоспарларға, бағдарламаларға қатысты мәселелерді шешуге және қоршаған ортамен байланысты саясатқа жұртшылықтың қатысуы

Әрбір тарап жұртшылыққа қоршаған ортамен байланысты жоспарлар мен бағдарламаларды әзірлеу процесіне ашық та әділ құрылым шеңберінде жұртшылықтың қатысуына қатысты тиісті практикалық және/немесе басқа да ережелерді көздейді. Осы құрылым шеңберінде 6-баптың 3, 4 және 8-тармақтары қолданылады. Тиісті мемлекеттік орган осы Конвенцияның мақсаттарын ескере отырып осы процеске қатысуы мүмкін жұртшылықтың шеңберін айқындайды. Әрбір Тарап мүмкіндігінше қоршаған ортамен байланысты саясатты әзірлеуге қатысу үшін жұртшылықтың мүмкіндігін қамтамасыз етуге күш жұмсайды.

8-бап Тікелей атқарушылық күші бар нормативтік ережелерді және/немесе көпшілік қабылдаған заңдық міндетті нормативтік актілерді әзірлеуге жұртшылықтың қатысуы

Әрбір Тарап таңдау үшін мүмкіндік ашық қалып отырған тиісті кезеңде мемлекеттік органдардың тікелей атқарушылық күші бар нормативтік ережелерді және қоршаған

ортаға елеулі ықпал жасай алатын көпшілік жұрт қабылдаған басқа да заңдық міндетті ережелерді әзірлеуіне жұртшылықтың тиімді қатысуына күш жұмсайды. Осы мақсатта мынадай шаралар қолданылады:

- а) тиімді қатысуды қамтамасыз ету үшін жеткілікті мерзім белгіленеді;
 - б) ережелер жобалары жарияланады және жұртшылыққа өзгеше ретпен беріледі; ж ә н е
 - в) жұртшылыққа өкілді консультациялық органдар арқылы жасауға мүмкіндік беріледі.
- Жұртшылықтың қатысу нәтижелері ықтимал дәрежеде ескеріледі.

9-бап Сот әділдігіне қол жеткізу

1. Әрбір Тарап өзінің ұлттық заңдары шеңберінде 4-бапқа сәйкес берілген ақпарат алу туралы өзінің өтініші ішінара немесе толық қаралмады, заңсыз қайтарылды, лайықты дәрежеде қайтарылымды немесе қандай да бір өзгеше тұрғыда өзінің өтінішіне арналған баптың ережелеріне сәйкес келмейтіндей көрінеді деп есептейтін кез келген адам сотта немесе заңға сәйкес құрылған басқа да тәуелсіз және әділ органда қабылданған шешімнің қаралу рәсіміне қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Мұндай шешімді сотта қарау көзделген жағдайларда, Тараптар мемлекеттік органның қайта қарауы немесе сот болып табылмайтын тәуелсіз және әділ органның қарауы үшін барынша аз ақы төлеуді талап ететін, заңмен белгіленген жылдам рәсімге мұндай адамның қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Осы тармаққа сәйкес қабылданған түпкілікті шешімдер тиісті ақпаратты иеленген мемлекеттік орган үшін міндетті сипатта болады. Себептер, тіпті болмағанда, осы тармаққа сәйкес ақпарат беру туралы өтініш қабылданбайтын жағдайларда жазбаша түрде көрсетіледі.

2. Әрбір Тарап өз заңдары шеңберінде:

- а) жеткілікті, немесе баламалы нұсқа ретінде мүдделілік танытатын;
- б) тиісті Тараптың әкімшілік іс жүргізу нормаларында көрсетілген өздерінің қандай да бір құқықтары бұзылды деп есептейтін жұртшылықтың тиісті өкілдері 6-баптың ережелерін, мұның өзі көзделетін және төмендегі 3-тармаққа нұқсан келтірмей, осы Конвенцияның басқа да тиісті ережелерін сақтай отырып, құқықтық және іс жүргізу тұрғысынан кез келген шешімнің заңдылығына дау айту мақсатында қабылданған шешімдердің сотта және/немесе заңға сәйкес құрылған басқа да тәуелсіз және әділ органда қаралу рәсіміне қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Жеткілікті мүдделіліктің болуы және қайсы бір құқықтың бұзылуы ұлттық заңдардың ережелері негізінде және осы Конвенция шеңберінде мүдделі жұртшылықтың сот әділдігіне кеңінен қолын жеткізу мақсатына сәйкес айқындалады. Осыған байланысты жоғарыдағы а) тармақшасының мақсаттары үшін 2-баптың 5-

тармағында аталған талаптарға жауап беретін кез келген үкіметтік емес ұйымның мүдделілігі жеткілікті. Жоғарыдағы б) тармақшасының мақсаттары үшін мұндай ұйымның өз құқықтарының бұзылуы туралы мәлімдеуге құқығы бар.

Осы 2-тармақтың ережелері әкімшілік органда алдын ала қарау рәсімдерін пайдалану мүмкіндігін жоққа шығармайды және ұлттық заңдарда мұндай талап көзделген жағдайларда қараудың сот рәсімдеріне жүгінгенге дейін қараудың әкімшілік рәсімдерін сарқа пайдалану туралы талаптарды қозғамайды.

3. Жоғарыдағы 1 және 2-тармақтарда аталған қарау рәсімдерімен қатар және оларға нұқсан келтірмей, әрбір Тарап, өзінің заңдарында, егер олар бар болса, көзделген өлшемдерге сай келетін жұртшылық өкілдері жеке адамдар мен мемлекеттік органдардың қоршаған ортаға қатысты ұлттық заңдардың ережелерін бұзатын әрекеттеріне дау айту үшін әкімшілік немесе сот рәсімдеріне қол жеткізуін қамтамасыз е т е д і .

4. Рәсімнің 1-тармағымен қатар және оған нұқсан келтірмеу, жоғарыдағы 1, 2 және 3-тармақтарда аталғандар, сот тыйым салуы түрінде құқықтық қорғау құралдарының қажеттігін, әділ, алалаусыз, дер кезінде болуды және қол жетпейтін жоғары шығындармен байланыссыз болуды қоса алғанда, құқық қорғаудың барабар және тиімді құралдарын қамтамасыз етуге тиіс. Осы бапқа сәйкес қабылданатын шешімдер жазбаша түрде шығарылады немесе хаттама жасалады. Жұртшылық соттардың және мүмкін болған жағдайларда басқа да органдардың шешімдеріне қол жеткізеді.

5. Осы бап ережелерінің тиімділігін арттыру үшін әрбір Тарап жұртшылыққа шешімдерді қараудың әкімшілік және сот рәсімдеріне қол жеткізу туралы ақпарат берілуін қамтамасыз етеді және сот әділдігіне қол жеткізудің қаржылық немесе өзге де кедергілерін жою немесе азайту үшін көмек көрсетудің тиісті тетіктерін құру туралы мәселе қарайды.

10-бап Тараптардың кеңесі

1. Тараптардың бірінші кеңесі осы Конвенция күшіне енген күннен бастап бір жылдан кешіктірілмей шақырылады. Егер Тараптар өзге шешім қабылдамаса немесе Тараптардың кез келген біреуінің жазбаша өтініші бойынша Еуропа экономикалық комиссиясы Атқарушы хатшысының осы өтініші туралы барлық Тараптар хабардар етілген күннен бастап алты ай ішінде оны Тараптардың кемінде үштен бірі қолданған жағдайда, Тараптардың одан кейінгі кезекті кеңестері, ең болмағанда, әрбір екі жыл с а й ы н ө т к і з і л е д і .

2. Тараптар өз кеңестерінде Тараптардан үнемі түсіп отыратын ақпарат негізінде осы Конвенцияның орындалу барысын тұрақты бақылайды және осы мақсатта:

а) ақпаратқа қол жеткізуге, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуына және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол

жеткізуге оларды одан әрі жетілдіру мақсатымен саясатқа, құқықтық және әдіснамалық көзқарастарға шалуды жүзеге асырады;

b) осы Конвенцияның мақсаттарына қатысты, бір және одан да көп Тарап қатысушылары болып табылатын екіжақты және көпжақты келісімдерді немесе басқа да уағдаласушылықтарды жасасу және орындау саласында иеленген тәжірибеге қатысты ақпарат алмасады;

c) осы Конвенцияның мақсаттарына жетуге қатысы бар барлық аспектілерді қарау үшін қажет болған жағдайда Еуропа экономикалық комиссиясының тиісті органдарының, сондай-ақ басқа құзыретті халықаралық органдар мен арнаулы комитеттердің көрсететін қызметтеріне иек артады;

d) қажет болған жағдайда кез келген көмекші органдарды құрады;

e) тиісті жағдайларда осы Конвенцияға хаттамалар әзірлейді;

f) 14-баптың ережелеріне сәйкес осы Конвенцияға түзету енгізу туралы ұсыныстарды қарап, бекітеді;

g) осы Конвенцияның мақсаттарына жету үшін талап етілетін кез келген қосымша шараларды қарайды және қолданады;

h) өзінің бірінші кеңесінде өз кеңестерінің және көмекші органдар кеңестерінің ережелерін қарайды және бір ауыздан қабылдайды;

i) өзінің бірінші кеңесінде 5-баптың 9-тармағының ережелерін іске асырудың өздері жинақтаған тәжірибесін қарайды және халықаралық деңгейде өтіп жатқан процестер мен өзгерістерді ескере отырып, қоршаған ортаға лас заттардың түсуіне қатысты тиісті құжатты және осы Конвенцияның қосымшасына енгізілуі мүмкін ауыстыру регистрлері мен кадастрларын әзірлеуді қоса алғанда, жүйені одан әрі дамыту мақсатында қандай қадамдар жасау қажеттігі туралы мәселені шешеді.

3. Тараптар кеңесі, қажет болған жағдайда, бір ауыздылық негізінде қаржы жағдайларын анықтау туралы мәселе қарауы мүмкін.

4. Біріккен Ұлттар Ұйымы, оның мамандандырылған мекемелері мен Атом энергиясы бойынша агенттік, сондай-ақ 17-бапқа сәйкес осы Конвенцияға қол қоюға құқығы бар, бірақ осы Конвенцияның Тарабы болып табылмайтын кез келген мемлекет немесе экономикалық ықпалдасудың аймақтық ұйымы және осы Конвенция жататын салаларда құзыретке ие кез келген үкіметаралық ұйым байқаушылар ретінде Тараптардың кеңестеріне қатысу құқығы бар.

5. Осы Конвенция жататын салаларда құзыретке ие және Тараптар кеңесіне өзінің қатысқысы келетіні туралы Еуропа экономикалық комиссиясының Атқарушы хатшысына хабарлаған кез келген үкіметтік емес ұйымның, егер кеңеске қатысушы Тараптардың, егер болмағанда, үштен бірі бұған қарсылық білдірмесе ғана байқаушы ретінде мұндай қатысуға құқығы бар.

6. Жоғарыдағы 4 және 5-тармақтардың мақсаты үшін жоғарыдағы 2

h) тармағында аталған рәсімнің ережелері жол беру рәсіміне қатысты практикалық тетіктерді және басқа да тиісті жағдайларды көздейді.

11-бап Дауыс беру құқығы

1. Төмендегі 2-тармақта көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Конвенцияның әрбір Тарабы бір дауысқа ие болады.

2. Экономикалық ықпалдасудың аймақтық ұйымдары осы Конвенцияның Тараптары болып табылатын мүше мемлекеттердің санына тең дауыстар санына ие бола отырып, өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өз құқығын жүзеге асырады. Егер мүше мемлекеттер өз дауыс құқығын жүзеге асырса және керісінше жасаса, мұндай ұйымдар өзінің дауыс құқығын жоғалтады.

12-бап Хатшылық

Еуропа экономикалық комиссиясының Атқарушы хатшысы мынадай қызметтер атқарады :

- a) Тараптардың кеңестерін шақырады және әзірлейді;
- b) Тараптарға баламаларды және осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес алынған басқа да ақпаратты береді; және
- c) Тараптар белгілеуі мүмкін осындай өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

13-бап Қосымша

Осы Конвенцияға қосымша оның ажырамас бөлігін құрайды.

14-бап Конвенцияға түзетулер

1. Кез келген Тарап осы Конвенцияға түзетулер ұсынуы мүмкін.

2. Осы Конвенцияға ұсынылатын кез келген мәтін Еуропа экономикалық комиссиясының Атқарушы хатшысына жазбаша түрде беріледі, ол оны осы түзетуді қабылдау ұсынылатын Тараптар кеңесі басталғанға дейін кем дегенде тоқсан күн бұрын барлық Тараптарға жібереді.

3. Тараптар осы Конвенцияға ұсынылған кез келген түзетуді қабылдауға қатысты бір ауыздылық арқылы келісімге жету үшін барлық күш-жігерін жұмсайды. Егер бір ауыздылыққа жету үшін барлық құралдар түгесілсе, ал келісімге қол жетпесе, соңғы шара ретінде түзету кеңесте болған және дауыс беруге қатысушы Тараптардың төрттен үш көпшілік даусымен қабылданады.

4. Депозитарийлер жоғарыдағы 3-тармаққа сәйкес қабылданған осы Конвенцияға түзету бекіту, мақұлдау немесе қабылдау үшін Тараптардың бәрінің назарына жеткізіледі. Депозитариймен олардың бекітілгені, орнықтырылғаны немесе

қабылданғаны туралы кемінде осы Тараптардың үштен бірі хабарлама алғаннан кейін тоқсаныншы күні осы Конвенцияға түзетулер, қосымшаларға түзетулермен қатар, оларды бекіткен, мақұлдаған немесе қабылдаған Тараптар үшін күшіне енеді. Одан әрі кез келген Тарап үшін түзетулер осы Тарап үшін бұл түзетулерді бекіту, мақұлдау және қабылдау үшін құжатты тапсырғаннан кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

5. Осы Конвенцияға қатысты қосымшаға қандай да бір түзетуді мақұлдай алмайтын кез келген Тарап түзету қабылданғаны туралы хабар алынған күннен кейін он екі ай ішінде бұл туралы Депозитарийге жазбаша хабарлайды. Кез келген Тарап өзінің бұрынғы түзетуінен бас тартып түзетулерді кез келген уақытта қабылдай алады және қабылданғаны туралы құжат Депозитарийге сақтауға тапсырылғаннан кейін мұндай қосымшаға осы түзетулер бұл Тарап үшін күшіне енеді.

6. Жоғарыдағы 4-тармақта көзделген Депозитариймен хабар берілген күннен кейін он екі ай ішінде жоғарыдағы 5-тармақтың ережелеріне сәйкес, Тараптар санының үштен бірінен аспайтын бөлігі мұндай хабарлама бермеген жағдайда, қосымшаға түзету туралы Депозитарийге хабарлама бермеген Тараптар үшін күшіне енеді.

7. Осы баптың мақсаттары үшін "болатын және дауыс беруге қатысатын Тараптар" деп қатысатын және "жақтап" немесе "қарсы" дауыс беретін Тараптар түсініледі.

15-бап Сақталуын қарау

Тараптардың кеңесі осы Конвенция ережелерінің сақталуын қарау үшін теке-тіреспен, соттық емес және консультациялық сипаттағы факультативтік шараларды бір ауыздан белгілейді. Бұл шаралар жұртшылықтың тиісті қатысуын қамтамасыз етеді және осы Конвенцияға қатысты мәселелер бойынша жұртшылық өкілдерінің хабарламаларын қарау мүмкіндігін қамтуы мүмкін.

16-бап Дауларды реттеу

1. Осы Конвенцияны түсіндіруге немесе қолдануға қатысты екі немесе одан да көп Тараптардың арасында даулар туындаған жағдайда олар шешімді келіссөздер немесе дауға қатысушы Тараптар үшін қабылдауға болатын дауларды реттеудің кез келген басқа әдісімен іздестіруге ұмтылады.

2. Осы Конвенцияға қол қою, оны бекіту, қабылдау, мақұлдау кезінде немесе оған қосылу кезінде немесе бұдан кейін кез келген кезде Тарап жоғарыдағы 1-тармақтың ережелеріне сәйкес шешілмеген дауларға қатысты Депозитарийге жазбаша өтініш жіберуі мүмкін, кез келгеніне қатысты міндетті болып табылатын дауды реттеудің келесі құралдарынан ол біреуін немесе екеуін мойындайды.

Өзіне мынадай міндеттемелер алатын Тараптар:

- a) Халықаралық Сотқа беру;
- b) II қосымшада белгіленген рәсімге төрелік.

3. Егер дау тараптары жоғарыдағы 2-тармақта аталған дауды реттеудің екі құралын қабылдаса, егер тек тараптар өзге туралы уағдаласпаса, дау тек Халықаралық Сотқа ғана берілуі мүмкін.

17-бап Қол қою

Осы Конвенция 1998 жылғы 25 маусымда Орхуста (Дания), ал содан соң 1998 жылғы 21 желтоқсанға дейін Еуропа экономикалық комиссиясына мүше мемлекеттердің, 1947 жылғы 28 наурыздағы Экономикалық және Әлеуметтік Кеңестің 36 (IV) қарарының 8 және 11-тармақтарына сәйкес Еуропа экономикалық комиссиясының жанындағы консультациялық мәртебесі бар мемлекеттердің, осы мәселелерге қатысты шарттар жасасу өкілеттігін қоса алғанда, осы Конвенциямен реттелетін мәселелерге қатысты өздерінің мүше мемлекеттері өкілеттігін берген Еуропа экономикалық комиссиясының егеменді мүше мемлекеттері құрған экономикалық интеграцияның аймақтық ұйымдары қол қоюы үшін ашық.

18-бап Депозитарий

Осы Конвенцияның Депозитарийі ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы әрекет етеді.

19-бап Бекіту, қабылдау, мақұлдау және бірігу

1. Осы Конвенцияны оған қол қойған мемлекеттер және экономикалық интеграцияның аймақтық ұйымдары бекітуге, қабылдауға немесе мақұлдауға тиіс.

2. Осы Конвенция мемлекеттер және 1998 жылғы 22 желтоқсандағы 17-бапта көрсетілген экономикалық интеграцияның аймақтық ұйымдары үшін ашық.

3. Жоғарыдағы 2-тармақта көрсетілмеген, Біріккен Ұлттар Ұйымының мүше мемлекеті болып табылатын кез келген басқа мемлекет Тараптар Кеңесінің келісімімен Конвенцияға қосылуы мүмкін.

4. Бекіту, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы өз құжаттарында 17-бапта аталған экономикалық интеграцияның аймақтық ұйымдары осы Конвенциямен реттелетін мәселелерде өз құзыретінің шектері туралы мәлімдейді.

20-бап Күшіне енгізу

1. Осы Конвенция бекіту, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы он алтыншы құжат сақтауға тапсырылғаннан кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

2. Жоғарыдағы 1-тармақтың мақсаты үшін экономикалық интеграцияның қандай да бір аймақтық ұйымына сақтауға тапсырылған кез келген құжат мұндай ұйымның мүше мемлекеттеріне сақтауға тапсырылған құжаттарға толықтыру ретінде

қ а р а с т ы р ы л м а й д ы .

3. 17-бапта аталған және осы Конвенцияны бекітетін, қабылдайтын немесе мақұлдайтын немесе оған қосылатын әрбір мемлекет немесе ұйым үшін бекіту, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы он алтыншы құжат сақтауға тапсырылғаннан кейін осы Конвенция бекіту, қабылдау, мақұлдау немесе қосылу туралы құжатты мұндай мемлекет немесе ұйым сақтауға тапсырғаннан кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

21-бап Конвенциядан шығу

Қандай да бір Тарапқа қатысты осы Конвенция күшіне енген күннен бастап үш жыл өткенше кез келген уақытта бұл Тарап Депозитарийге жазбаша хабарлама жіберу арқылы Конвенциядан шыға алады. Мұндай кез келген шығу Депозитарий ол туралы хабарлама алған күннен кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

22-бап Түпнұсқа мәтіндер

Осы Конвенцияның түпнұсқасы, түпнұсқа мәтіндер болып табылатын ағылшын, орыс және француз мәтіндері Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына сақтауға т а п с ы р ы л а д ы .

ОСЫНЫ КУЭЛАНДЫРЫП осыған уәкілетті адамдар осы Конвенцияға қол қойды.

Бір мың тоғыз жүз тоқсан сегізінші жылғы жиырма бесінші маусымда Орхуста (Дания) ЖАСАЛДЫ.

I-қосымша

6-баптың 1 а) тармағында аталған қызмет түрлерінің тізбесі

- 1 . Э н е р г е т и к а :
- мұнай өңдеуші және газ өңдеуші зауыттар;
 - газдандыруға және көмірді сұйылтуға арналған қондырғылар;
 - жылу электр станциялары және жағу үшін 50 мегаватт (МВт) немесе одан да көп жылу қуаты әкелінген басқа да қондырғылар;
 - к о к о с п е ш т е р і ;
 - мұнай электр станцияларын немесе 1-реакторларды бөлшектеуді немесе пайдаланудан шығаруды қоса алғанда (барынша қуатты тұрақты жылу жүктемесінің 1 кВт-нан аспайтын бөлінетін және өндірілетін материалдарды өндіру мен консервациялауға арналған зерттеу қондырғыларын қоспағанда) атом электр станциялары және атомды реакторы бар басқа да қондырғылар;
 - сәулеленген ядролық отынды ұқсатуға арналған қондырғылар;

- мынаған арналған қондырғылар:
 - ядролық отынды өндіру мен байытуға арналған;
 - сәулеленген ядролық отынды немесе жоғары радиоактивтік қалдықтарды өңдеуге арналған;
 - сәулеленген ядролық отынды түпкілікті ажыратуға арналған;
 - өндірістік объекті аумағынан тысқары басқа орындардағы сәулеленген ядролық отынды немесе радиоактивті қалдықтарды тек сақтауға арналған (10 жылдан астам уақытқа жоспарланған).

2. Металдар өндіру және өңдеу:

- металл рудаларын (сульфитті руданы қоса алғанда) күйдіруге немесе агломерациялауға арналған қондырғылар;
- сағатына 2,5 тоннадан асатын өнімділіктегі үздіксіз ағызуды қоса алғанда, шойынды немесе болатты қайта балқытуға (бірінші немесе екінші балқыту) арналған қондырғылар;

- қара металдарды өңдеуге арналған қондырғылар:

- i) сағатына 20 т шикі болаттан асатын қуаты бар ыстық прокаттау стандарты;
- ii) балғаға 50 кДж-ден асатын, тұтынылатын жылу қуаты 20 МВт-тан асатын ұстабалғалары;

- iii) сағатына 2 тоннадан асатын шикі болатты бере отырып қорғаныш шашыратқы металл жамылғыларын жағу;

- өндірістік қуаты күніне 20 тоннадан асатын қара металдар құю;
 - мыналарға арналған қондырғылар:

- i) рудадан қышқылдандырылмаған металдарды, металлургиялық, химиялық немесе электролиттік процестер арқылы концентраттарды немесе қайталама шикізат материалдарын өндіру;

- ii) қорғасын мен кадмий үшін күніне 4 тоннадан немесе басқа барлық металдар үшін 20 тоннадан асатын балқыту қуаты бар, легирленгенін қоса алғанда, түсті металдардың, оның ішінде рекуперирленген өнімдердің (рафинирленген, құю өндірісі және т.б.) қорытпалары;

- электролиттік немесе химиялық процестерді пайдалана отырып металдарды және пластикалық материктерді беткі өңдеуге арналған қондырғылар, бұл кезде өңдеу үшін пайдаланылатын күбілердің көлемі 30 текше м-ге артады.

3. Минерал шикізатын ұқсату жөніндегі өнеркәсіп:

- күніне 500 т-дан асатын өндірістік қуаты бар айналмалы күйдіру пештерінде цемент клинкерін, немесе күніне 50 т-дан асатын өндірістік қуаты бар айналмалы күйдіру пештерінде, немесе күніне 50 т-дан асатын өндірістік қуаты бар басқа да пештерде әк өндіруге арналған қондырғылар;

- асбест өндіруге немесе құрамында асбест бар өнімдерді әзірлеуге арналған қондырғылар;

- әйнек талшығын қоса алғанда, күніне 20 т-дан асатын балқытқыш қуаты бар әйнек өндірісіне арналған қондырғылар;

- күніне 20 т-дан асатын балқытқыш қуаты бар, минералдық талшықтар өндірісін қоса алғанда, минералды заттар ерітуге арналған қондырғылар;

- күйдіру арқылы керамикалық өнімдерді, атап айтқанда шатыр қыштарын, кірпіш, отқа төзімді кірпіш, керамикалық плиткалар, тас керамикалар немесе фарфор бұйымдар өндіруге арналған, күйдіру пештерінің қуаты 4 текше метрден асатын және күйдіру пештеріндегі садкидің тығыздығы 300 кг/текше метрден асатын қондырғылар.

4. Химия өнеркәсібі: осы тармақта аталған қызмет санаттарының мәні шегіндегі өндіріс а) - г) тармақшаларында аталған заттарды немесе заттар топтарын химиялық өңдеу көмегімен өнеркәсіптік көлемдерде өндіруді білдіреді:

а) мынадай негізгі органикалық химиялық заттарды өндіруге арналған химиялық қондырғылар;

I) қарапайым көмірсутектер (линиялық немесе циклдік, қаныққан немесе қанықпаған, алифаттық немесе ароматтық);

II) спирттер, альдегидтер, кетондар, карбонды қышқылдар, күрделі эфирлер, ацетаттар, қарапайым эфирлер, тотықтар, эпоксидті смолалар секілді құрамында қышқыл бар көмірсутектер;

III) күкіртті көмірсутектер;

IV) аминдер, амидтер, азоттың қосылысы секілді азотты көмірсутектер;

V) құрамында фосфор бар көмірсутектер;

VI) галогенизделген көмірсутектер;

VII) органометалдық қосылыстар;

VIII) негізгі пластикалық материалдар (полимерлер, синтетикалық талшықтар және целлюлоза базасындағы талшықтар);

IX) синтетикалық каучук;

X) бояулар мен пигменттер;

XI) беткі-активті заттар;

б) мына секілді негізгі бейорганикалық заттарды өндіруге арналған химиялық қондырғылар:

I) аммиак, хлор немесе хлорлы сутек, фтор немесе фторлы сутек, көміртек оксидтері, күкірт қосылыстары, азот оксидтері, сутек, күкірт диоксиді, көміртек хлорокисі секілді газдар;

II) хромды қышқыл, азот қышқылы, хлорлы-сутекті қышқыл, күкірт қышқылы, олеум, күкіртті қышқыл секілді қышқылдар;

III) аммоний гидроксиді, калий гидроксиді, натрий гидроксиді секілді сілтілер;

IV) хлорлы аммоний, хлорлы қышқыл калий, көмірқышқыл калий, көмірқышқыл натрий, перборат, азотқышқыл күміс секілді тұздар;

V) металл еместер, металдардың оксидтері немесе кальций карбиді, кремний,

кремний карбиді секілді басқа да бейорганикалық қосылыстар;

с) фосфор, азот немесе калий минералды тыңайтқыштарын (қарапайым немесе күрделі тыңайтқыштарды) өндіруге арналған химиялық қондырғылар;

д) өсімдік шаруашылығы және биоцидтер үшін негізгі өнімдерді өндіруге арналған химиялық қондырғылар;

е) негізгі фармацевтикалық өнімдерді өндіру үшін химиялық немесе биологиялық процестер қолданылатын қондырғылар;

ф) жарылғыш заттарды өндіруге арналған химиялық қондырғылар;

г) белок жем қоспаларын, ферменттер және басқа белоктық заттар өндіру үшін химиялық немесе биологиялық процестер пайдаланылатын химиялық қондырғылар.

5. Қалдықтарды өңдеу және алып тастау:

- қауіпті қалдықтарды өртеуге, рекуперациялауға, химиялық өңдеуге немесе көмуге арналған қондырғылар;

- сағатына 3 т-дан асатын өнімділігі бар коммуналдық-тұрмыстық қалдықтарды жағуға арналған қондырғылар;

- күніне 50 т-дан асатын өнімділігі бар қауіпті емес қалдықтарды жоюға арналған қондырғылар;

- инерттік қалдықтарды қоспағанда, күніне 10 т-дан астам қалдықтар түсетін, немесе жалпы сыйымдылығы 25 000 т-дан асатын төгінді орындар.

6. 150 000 адам мөлшеріндегі халық санының эквивалентінен асып түсетін өнімділігі бар сарқынды суларды тазартуға арналған қондырғылар.

7. Мыналарға арналған өнеркәсіптік қондырғылар:

а) ағаштан немесе соған ұқсас талшықты материалдардан целлюлоза өндірісі;

б) күніне 20 т-дан асатын өндірістік қуаты бар қағаз және картон өндірісі.

8. а) Алысқа қатынайтын темір жол линияларын және негізгі ұшу-қону алаңының ұзындығы 2 100 м немесе одан да астам аэропорттар салу;

б) автомагистральдар мен ұшқыр жолдар салу;

с) төрт немесе одан да көп жүріс жолы бар жаңа жолдар салу немесе төрт немесе одан да көп жүріс жолдарын жасау мақсатында, жаңа жол немесе қайта жаңғыртылған және/немесе кеңейтілген участок 10 км немесе одан да үздіксіз ұзақ болатындай, екі немесе одан аз жүріс жолдары бар бұрынғы жолдарды қайта жаңғырту және/немесе ұлғайту.

9. а) Ішкі кеме жүрісіне арналған, 1 350 т-дан астам су сыйымдылығы бар кемелердің өтуіне жол беретін ішкі кеме жүзісіне арналған ішкі су жолдары;

б) 1 350 т-дан астам су сыйымдылығы бар кемелерді қабылдай алатын жағалаулық және шығыңқы порттармен байланысты (паромдық өткел айлақтарын қоспағанда) жүк тиеу мен түсіруге арналған сауда порттары, айлақтар.

10. Жер асты суларын жинау немесе жыл сайынғы жиналатын немесе толтырылатын су 10 млн. текше метрге тең болатын немесе одан асып түсетін жер асты

суларын жасанды жолмен толықтыру жүйелері.

11. а) Өзен бассейндері арасындағы су ресурстарын ауыстырып отыру жөніндегі жұмыстар, мұндай жағдайда бұл ауыстыру су жетімсіздігін болдырмауға бағытталған және ауыстырылатын су мөлшері жылына 1000 млн. текше метрден асады;

Екі жағдайда да су құбырының ауыз суын ауыстырып жіберуге болмайды.

12. Коммерциялық мақсаттарда мұнай мен табиғи газ өндіру, бұл жағдайда алынатын мөлшер мұнай жағдайында күніне 5000 тоннадан және газ жағдайында 500 000 текше метрден асады.

13. Ұсталатын немесе сақталатын судың жаңа немесе қосымша мөлшері 10 млн. текше метрден асатын суды ұстауға немесе үнемі сақтауға арналған бөгендер немесе басқа да объектілер.

14. Диаметрі 8000 мм-ден астам және ұзақтығы 40 км-ден астам газды, мұнайды немесе химиялық заттарды тасымалдауға арналған құбыр желілері.

15. Құстарды немесе шошқаларды қарқынды өсіруге арналған:

а) құстар үшін 40 000-нан;

б) бордақы шошқалар (салмағы 30 кг-нан астам) үшін 2 000 орыннан;

с) аналық шошқалар үшін 750-ден астамға есептелген қондырғылар.

16. Карьерлер және 25 га-дан асатын учаске бетінен пайдалы қазбаларды ашық алу немесе 150 га-дан асатын учаске бетінен торф алу.

17. Кернеуі 2220 кВ немесе ұзақтығы 15 км-ден асатын электр берілістерінің әуе желілерін салу.

18. Мұнай, мұнай-химия немесе химия өнімдерін сақтау үшін сыйымдылығы 200 000 т немесе одан да көп қондырғылар.

19. Қызметтің басқа да түрлері:

- күніне өңделетін материалдардың көлемі 10 т-дан асып түсетін алдын ала өңдеуге (жуу, ағарту, мерсеризация секілді операциялар) немесе талшықты немесе текстильді бояуға арналған қондырғылар;

- ұқсату мөлшері күніне 12 т-дан асып түсетін былғары мен терілерді илеуге арналған қондырғылар;

а) күніне 50 т-дан асатын тұтас етті ұқсату бойынша қуаты бар қасапханалар;

б) мыналардан тамақ өнімдерін өндіру мақсатында өңдеу және ұқсату:

і) күніне 75 т-дан асатын дайын өнім өндіру жөнінде қуаты бар мал шикізаты (сүттен басқа);

й) күніне 300 тоннадан асатын дайын өнім өндіретін өндірістік қуаты бар (тоқсандық негізде орташа көрсеткіш) өсімдік шикізаты;

с) сүтті өңдеу мен ұқсату, бұл кезде алынатын сүттің мөлшері күніне 200 т-дан асады (жылдық негізде орташа көрсеткіш);

- күніне 10 т-дан асатын ұқсатушы қуаты бар үй жануарларының тұтас еттерін немесе мал шаруашылығы қалдықтарын бөлуге немесе рециркуляциялауға арналған

қ о н д ы р ғ ы л а р ;

- сағатына 150 кг-нан астам немесе жылына 200 т-дан астам өндірістік қуаты бар, органикалық еріткіштерді пайдалана отырып заттарды, бұйымдарды немесе өнімдерді беткі өңдеуге арналған, атап айтқанда әрлеуге, басуға, жабуға, майсыздандыруға, гидроокшаулауға, калибровкауға, бояуға, тазалауға немесе дымқылдауға арналған қ о н д ы р ғ ы л а р ;

- жағу немесе графиттендіру арқылы көміртек (табиғи кокс) немесе электрографит өндіруге арналған қ о н д ы р ғ ы л а р .

20. 1 - 19-тармақтарда қамтылмаған кез келген қызмет түрі жұртшылықтың қатысуы ұлттық заңдарға сәйкес қоршаған ортаға ықпал етуді бағалаудың рәсімдері шеңберінде көзделеді.

21. Осы Конвенцияның 6-бабының 1 а) тармағының ережесі, егер тек олардың қоршаған орта мен денсаулыққа айтарлықтай зиянды ықпал жасау мүмкіндігі болмаса, айрықша немесе негізінен жаңа әдістерді немесе өнімдерді әзірлеу және тексеру мақсатында жүзеге асырылатын жоғарыда аталған жобалардың ешбіріне қ о л д а н ы л м а й д ы .

22. Осы сөйлемде белгіленген өлшемдерге/ақаулы мөлшерлерге өзінше жауап беретін қызметтің кез келген өзгеруі немесе ұлғайтылуы осы Конвенцияның 6-бабының 1 а) тармағының қолданылуына ілігеді. Қызметтің кез келген өзгеруі немесе ұлғайтылуы осы Конвенцияның 6-бабының 1 b) тармағының қолданылуына ілігеді.

Е с к е р т у :

1) Атом электр станциялары және басқа да атом реакторлары барлық ядролық отын немесе басқа радиоактивті ластаушы элементтер қондырғының өнеркәсіптік алаңынан түпкілікті әкетілген кезде мұндай қондырғылар болудан қалады.

2) Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "аэропорт" 1944 жылғы Чикаго конвенциясының мазмұнында бар, Халықаралық азаматтық авиация ұйымын құратын (14-қосымша) анықтамаға сәйкес келетін аэропортты білдіреді.

3) Осы Конвенцияның мақсаттары үшін "ұшқыр жол" 1975 жылғы 15 қарашада Халықаралық автомагистральдар туралы Еуропа келісімінде мазмұндалған анықтамаға сәйкес келетін жолды білдіреді.

II қосымша

Төрелік

1. Осы Конвенцияның 16-бабының 2-тармағына сәйкес дау төрелік іс қарауға берілген жағдайда тарапты немесе тараптарды хатшылық төрелік іс қарау нысанасы туралы хабарлайды және атап айтқанда, түсіндіру немесе қолдану дауды тудырған осы Конвенцияның баптарын көрсетеді. Хатшылық осылайша алынған ақпаратты осы Конвенцияның барлық Тараптарына жолдайды.

2. Төрелік сот үш мүшеден тұрады. Дауға қатысушы талапкер-тарап немесе талапкер-тараптар да, сондай-ақ басқа тарап немесе басқа тараптар да бір төрешіден тағайындайды, осылайша тағайындалған екі арбитр өзара келісім бойынша төрелік соттың төрағасы қызметін атқаратын үшінші төрешіні тағайындайды. Соңғысы дау тараптары бірінің азаматы бола алмайды және осы тараптардың бірінің аумағында өзінің әдеттегі тұрғылықты жеріне ие бола алмайды, оларда қызметте бола алмайды немесе қандай да бір сапада бұл іске қатысы бола алмайды.

3. Егер екінші төреші тағайындалғаннан кейін екі ай өткенде төрелік соттың төрағасы тағайындалмаса, тараптардың кез келгенінің өтініші бойынша Еуропа экономикалық комиссиясының Атқарушы хатшысы оны келесі екі ай ішінде тағайындайды.

4. Егер дау тараптарының бірі екі ай ішінде төрешіні тағайындамаса, басқа тарап бұл туралы Еуропа экономикалық комиссиясының Атқарушы хатшысын хабардар етуге құқылы, ол төрелік соттың төрағасын келесі екі айдың ішінде тағайындайды. Өзі тағайындалғаннан кейін төрелік соттың төрағасы төреші тағайындамаған тарапты мұны екі айдың ішінде жасауды өтінеді. Егер ол мұндай мерзімнің ішінде мұны жасамаса, төраға Еуропа экономикалық комиссиясының Атқарушы хатшысын хабардар етеді, ол келесі екі айдың ішінде бұл төрешіні тағайындайды.

5. Төрелік сот халықаралық құқыққа және осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес өз шешімін шығарады.

6. Осы қосымшаның ережелеріне сәйкес құрылған кез келген төрелік сот жеке өзінің рәсім ережелерін әзірлейді.

7. Рәсімдік мәселелер бойынша да, мәні мәселелері бойынша да төрелік соттың шешімдері оның мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

8. Сот фактілерді анықтау үшін барлық тиісті шараларды қолдануы мүмкін.

9. Дау тараптары төрелік сот жұмысына жәрдемдеседі және, атап айтқанда өздерінің иелігінде бар құралдардың бәрін пайдалана отырып:

а) оған барлық тиісті құжаттарды, шарттарды және ақпаратты береді;

б) қажет болған жағдайда сотқа куәларды немесе сарапшыларды шақыру және олардың жауаптарын тыңдау мүмкіндігін береді.

10. Стороны спора и члены арбитражного суда соблюдают конфиденциальность любой информации, получаемой ими в конфиденциальном порядке в ходе разбирательства в арбитражном суде.

Ескерту. 10-тармақтың қазақша аудармасы жоқ.

11. Төрелік сот тараптардың бірінің өтініші бойынша уақытша қорғау шараларын қабылдауын ұсынуы мүмкін.

12. Егер тараптардың бірі төрелік сотқа келмесе немесе өз ісін қарауға қатыспаса, екінші тарап соттан іс қарауды жалғастыруды және өзінің түпкілікті шешімін шығаруды өтінуі мүмкін. Тараптардың бірінің сотта болмауы немесе тараптардың

бірінің істі қарауға қатыспауы істі қарау үшін кедергі бола алмайды.

13. Төрелік сот даудың мәнінен тікелей туындайтын қарама-қарсы талаптарды тыңдап, олар бойынша шешім шығаруы мүмкін.

14. Егер төрелік сот өзге шешім қабылдаса, істің нақты мән-жайларын негізге ала отырып, сот мүшелерінің көрсеткен қызметіне ақы төлеуді қоса алғанда, сот шығындарын дау тараптары тең бөліп төлейді. Сот өзінің барлық шығындарын тіркейді және осы шығыстар туралы түпкілікті есепті дау тараптарына береді.

15. Осы Конвенцияның дау нысанасына құқықтық сипаттағы мүдделілігі бар және осы іс жөніндегі шешіммен қозғалуы мүмкін кез келген Тарабы соттың келісімімен іс қарауға қатысуға құқығы бар.

16. Төрелік сот, егер тек ол бұл мерзімді бес айдан асатын кезеңге созуды қажет деп есептемесе, өзі тағайындалған күннен кейін бес айдың ішінде өзінің шешімін шығарады.

17. Төрелік соттың шешімі себептер түсіндірілумен қатар жүреді. Бұл шешім түпкілікті және даудың барлық тараптары үшін міндетті болып табылады. Төрелік сот өз шешімін даудың тараптарына және хатшылыққа жібереді. Хатшылық өзі алған ақпаратты осы Конвенцияның барлық Тараптарына жолдайды.

18. Соттың шешімін түсіндіруге немесе орындауға қатысты тараптар арасында тууы мүмкін кез келген дауды кез келген тарап осы шешімді шығарған төрелік сотқа бере алады, немесе соңғысының қызметін пайдалану мүмкін болмаған жағдайда біріншісі сияқты жолмен осы мақсатта құрылған басқа сотқа беруі мүмкін.